



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ
ҚҰНЫН ТҮСІРМЕЙІК

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛ МҮДДЕСІ БӘРИНЕН БИІК. МЕН БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІДЕН ӨЗ ЖҰМЫСЫН АДАЛ АТҚАРУДЫ ТАЛАП ЕТЕМІН. БІР СӨЗБЕН АЙТСАМ, КӘСІБИЛІК, АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ БІЗДІҢ БАСТЫ ҚАФИДАТТАРЫМЫЗ БОЛУҒА ТИІС. ҚОҒАМДА ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОРНЫҚТЫРЫП, ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРГЕ ИЕ БОЛА АЛМАСАҚ, РЕФОРМАНЫҢ БӘРІ БЕКЕР.

№15
(4448)

Сейсенбі
7 ақпан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның оңтүстік-шығысында көптеген адамның шығынына әкеп соқтырған жер сілкінісіне байланысты Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға көңіл айту хатын жолдады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Үкіметке Түркияда болған жойқын жер сілкінісінің салдарын еңсеруде шұғыл көмек көрсетуді тапсырды.

Сыртқы істер министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігі түрік билігімен байланыс орнатты. Жақын арада Түркия Үкіметінің өтініші бойынша зардап шеккен өңірлерге қазақстандық құтқарушылар мен дәрігерлер ұшады.

Түркиядағы алапат жер сілкінісі салдарынан елдің 10 провинциясында қайтыс болғандар саны 912-ге, зардап шеккендер 5385-ке жеткені хабарланды.

Зардап шеккендер арасында Қазақстан азаматтары жоқ.



5

ЕМХАНАДАҒЫ КЕЗЕК ҚАШАН КЕМИДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңес отырысында елорданың денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерге ерекше тоқталды. Тұрғындары жылдан-жылға көбейіп барады, атап айтқанда, соңғы он жылда астаналықтар саны ішкі және көші-қон есебімен 2,5 есе өсті. Осындай жағдайға байланысты қаладағы емханалар мен мамандар жетіспеушілігі байқалып отыр. Тиісінше дәрігер қабылдауына кезектің көптігі және ұзақтығы, дәрігерлер жүктемесінің шамадан асып кетуі, перзентханаларда орынның тапшылығы, қызмет сапасыздығы және басқа да қиындықтар туындайды.



«ASTANA
AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР

50 АЛТЫН МЕДАЛЬ АЛДЫ

Елордалық оқушылар пәндік олимпиадаларда 230-дан астам медаль жеңіп алды.

Өткен жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада Астана қаласының оқушылары медальдардың рекордтық санын иеленді. Елорда командасының қоржынында жалпы 93 медаль бар. Оның 24-і – алтын, 29-ы – күміс және 40-ы – қола. Сондай-ақ Астана құрамасы жыл сайын «Үздік олимпиадалық команда» атағына лайық деп танылды.

Сонымен қатар елорда оқушылары Ресей, Өзбекстан, Португалия, Венгрия, АҚШ, Бразилия, Колумбия және басқа да халықаралық зияткерлік жарыстарда тартысты өнер көрсетті. Атап айтқанда, 273 оқушы халықаралық олимпиадалар мен байқауларға қатысып, 139 медальді қанжығаға байлады. Оның 26-сы алтын, 37-сі күміс, 76-сы қола медаль болды.

ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ НЕГЕ ТЕЗ ТОҚТАТЫЛДЫ?

Астана уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап autonesie.kz сайтында өтініштер қабылдана бастады. Алайда бағдарламаға қатысушылардың көптігінен жарты сағатқа жетпей-ақ өтініштер қабылданбады.

«761 қазақстандық өз өтінімін платформа жұмысын бастаған алғашқы 18 секундтың ішінде беріп үлгерді. Өтінім қабылдау сағат 10:00-де басталса, алғашқы минуттың ішінде 125 мың адам кірді. Autonesie.kz жүктемені еңсеріп,

өтінімдер пулының қалыптасуын қамтамасыз етті. Лимитке жеткеннен кейін өтінімдерді қабылдау автоматты түрде аяқталып, «өтініш беру» функциясы тоқтатылды.

Өтініш беру процесінде кейбір пайдаланушылар автомобиль өндірушісін таңдай алмай жатты. Бұл сонымен қатар өтінім лимитіне қол жеткізумен байланысты болды» деп жазылды. Өнеркәсіпті дамыту қорының ресми мәліметінде.

Кеше елімізде жеңілдетілген автонесиеге autonesie.kz сайты арқылы өтініш беру жарты сағатқа жетпей тоқтатылды.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.3 \$ USD/KZT 458.69 ₸ RUB/KZT 6.52 ¥ CNY/KZT 68.04

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



АГЕНТТІК БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевты қабылдады. Мемлекет басшысына агенттіктің былтыр атқарған жұмыстары мен оның тапсырмаларының орындалу барысы жөнінде есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндалды.

Президентке мемлекеттік қызметке кіру ісіндегі артық кедергілерді жою, одан шығу тәртібін жеңілдету үшін жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет берілді. Дархан Жазықбаевтың айтуынша, мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесін толық цифрландыру мақсатында «Е-қызмет» жүйесі жаңғыртылды және оның базасында биыл 1 наурыздан бастап жаңа іріктеу жүйесі қанатқақты жоба ретінде іске қосылады.

Агенттік төрағасы бюрократиялық кедергілерді азайтуға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін талдау нәтижелері туралы да баяндады. Дархан Жазықбаев агенттікті толыққанды HR-институтқа айналдыру жөніндегі жоспарлы шараларға арнайы тоқталды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа салалық кадрлардың мемлекеттік аппаратқа қажеттігін ескере отырып, Президенттік

жастар кадр резервіне кезекті іріктеу өткізуге дайындық жұмыстарының басталғаны жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ өңірлік жастар кадр резервтерін құру жоспарда бар.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппараттың сервистік моделін қалыптастыру және мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

АҚЫЛЫ ЖОЛДАР ҰЗАРАДЫ

Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте автожол желісі мен көлік инфрақұрылымын дамыту шаралары қаралды.



Үкіметтің баспасөз қызметінің хабарлауынша, мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайту және республикалық маңызы бар жолдардың сапасын жақсарту мақсатында қозғалысы қарқынды бірқатар трассаны ақылды ету бойынша жоба іске

асырылып жатқаны атап өтілді. Бірінші кезең аясында ұзындығы 5,5 мың км жолдарда бейнебақылау камераларымен, лидарлармен, байланыс антенналарымен және басқа да құралдармен жабдықталған 100-ге жуық бақылау аркасы орнатылды. Атап

айтқанда, ұзындығы 1,5 мың км I санаттағы учаскелер 2021 жылғы қарашадан бастап ақылды болды. Бұл жол төсеміне күтім жасауға, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға және ілеспе инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді.

Кеңес қорытындысы бойынша I кезең учаскелерінде жүк көліктерінің жүріп өткені үшін ақы алу жүйесін іске қосу бойынша жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылданды. Бұл бірінші кезекте Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік көлікке қатысты болады.

Үкімет басшысы жол желісін жаңғырту кезінде бейнебақылауды күшейтуге, жүргізушілер мен жолаушылардың қауіпсіздігін арттыруға баса назар аудару қажет екенін айтты.

МАҢЫЗДЫ ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

ҚР Сауда және интеграция министрлігі елеулі маңызды тауарлар тізбесіне толықтыру әзірледі.

Маңызды тауарлар тізбесіне мына тауарлар қосылатын болды: тас көмір, брикеттер, тас көмірден алынған түйіршіктер және қатты отынның ұқсас түрлері; лигнит немесе гагаттан басқа агломерленген

немесе агломерленбеген қоңыр көмір; мұздатылған, кептірілген, тұндырылған және коллоидты күкірттен басқа барлық түрдегі күкірт.

Құжат ашық НҚА сайтында 17 ақпанға дейін жарияланды.

Тізбеге барлығы 147 тауар позициясы енген, оның ішінде металл қалдықтары, ірі қара мен ұсақ мал, ағаш, мұнай және мұнай өнімдері, қант, өсімдік майы және басқа да бірқатар тауар бар.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Түркияның Кахраманмараш провинциясында кеше таңғы 04:26 шамасында 7,4 балдық жер сілкінісі болды.

Елдің 10 провинциясында зілзаладан қаза тапқандар саны сәт санап өсіп жатыр. Құтқару жұмыстары қарқынды жалғасуда. Жер сілкінісі салдарынан Газиантепте 17-ғасырда тұрғызылған тарихи камалға, Антакья мен Хатайда мемлекеттік ауруханаларға, басқа да көптеген ғимараттарға зақым келді.



Пәкістанның бұрынғы президенті Первез Мушарраф 79 жасында Дубайдағы ауруханада ұзаққа созылған аурудан қайтыс болды.

Мемлекетке опасыздық жасағаны үшін отанында өлім жазасына кесілген Пәкістанның бұрынғы президенті билікке 1999 жылы әскери төңкерістен кейін келген болатын. 2002 жылы референдумда президент болып сайланған ол бұл лауазымды 2008 жылға дейін атқарды. Ал 2019 жылдың желтоқсан айында арнайы соттың үкімімен өлім жазасына кесілген.



Мексика мектептерінде велосипед орнатылып жатыр.

Оқушылар енді сабақ оқып қана қоймай, спортпен де айналыса алады. Мұндай парталардың таңдалуы бекер емес. Жақында жүргізілген зерттеуге сәйкес, елде 5 пен 11 жас аралығындағы балалардың 19 пайызы семіздікке шалдыққан. Пандемиядан кейін артық салмақ мәселесі тіпті ушығып кеткен. Мектеп басшысының айтуынша, бұл балалардың арықтауына септігін тигізеді.

ҮРКЕРЛІКТЕРДІҢ ҮМІТІ АҚТАЛДЫ

Астананың дамуы инженерлік инфрақұрылым құрылысымен қатар жүруі тиіс. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек қаланы аралау барысында мәлімдеді.



– Қаланың дамуы инженерлік инфрақұрылым құрылысымен қатар жүруі тиіс. Олар – су құбыры, электр, кәріз және т. б. желілер. Елорданың өмір сүру сапасы олардың үздіксіз жұмысымен тікелей байланысты. Қаланы аралау барысында кәріз-тазарту құрылысының (КТҚ), тазарту құрылыстарының (Жастар шағын ауданы), ауыз су станцияларының және т. б. жұмысымен таныстым, – деді Астана әкімі.

Елорданың инфрақұрылымымен танысу барысында Жеңіс Қасымбек Үркер елді мекенінің тұрғындарымен кездескенін айта келе, онда жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Мәселен, Үркер (Ильинка) елді мекенінде нөсер кәрізінің үшінші кезегін жобалау жүріп жатыр. Жобаның қуаттылығы тәулігіне шамамен 45 мың текше метрді құрайды. Жобаны іске асыру Үркер елді мекенінен, Қорғалжын тасжолынан,

т. б. еріген қар және жаңбыр суын бұруды қамтамасыз етеді, – деді қала басшысы.

Үркер елді мекенінің тұрғындары инженерлік желілерді, электрмен жабдықтау желілерін, әлеуметтік нысандарды, жолдар салу, абаттандыру, көгалдандыру, аялдамалар және т. б. мәселелерді көтерді.

– Елді мекенді дамытудың жалпы жоспарын құрамыз, ең алдымен шешілуі тиіс міндеттерді және екінші кезеңде қолға алу қажет мәселелерді анықтаймыз. Бірінші кезектегі міндет – Үркер елді мекенінде кәріз және электрмен жабдықтау желілері проблемасын шешу. Біз мұны бірінші кезекте орындаймыз.

Елорданың әлеуметтік нысанның құрылысын жүргізіп жатырмыз. Мәселен, мердігерлерге биыл дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен өрт сөндіру депосының құрылысын аяқтау міндеті

тапсырылды. Сондай-ақ осы елді мекенде екі мектеп саламыз. Олардың біреуі 2024 жылы және екіншісі 2025 жылы пайдалануға беріледі, – деді Ж.Қасымбек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 100 мың оқушы орнына арналған екі ауысымды 25 мектеп салынады. Олардың құрылысын биылдан бастау көзделуде. Жалпы, қалада келесі оқу жылына 13 мектеп салу жоспарланып отыр.

– Сол сияқты кәріз-тазарту құрылысын (КТҚ-2) жобалау, инженерлік желілерді жаңғырту, электр қосалқы станцияларын реконструкциялау жүріп жатыр. Бұдан бөлек, ауыз су станциясының (3-ССС), газ жылу станцияларының және т. б. құрылысы жүріп жатыр. Мәселен, ауыз су станциясының қуаты (3-ССС) тәулігіне 100 мың текше метрден асады, – деді елорда әкімі.



7 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛАДЫ

Аумақтық сайлау комиссияларын ұстауға 7 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалады. Тапсырыс беруші – Орталық сайлау комиссиясы.

Әлеуетті өнім беруші ретінде тікелей келісімшарт жасау арқылы ОСК-ның инженерлік-техникалық орталығы таңдалған. Келісімшарт құны – 6752170000 теңге. Техникалық сипаттамасында көрсетілгендей, бұл қаржы

кәсіпорынның 26 қызметкерінің аумақтық сайлау комиссияларының ұйымдастыру қызметіне жәрдемдесуіне, аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін қамтамасыз етуге жұмсалмақ. Аумақтық сайлау комиссиясына еңбекақы, жылына екі лауазымдық айлық мөлшерінде жәрдемақы төлеу қарастырылған. Өкілеттіктерін тұрақты негізде жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссияларының 797 мүшесі бар.

ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕГІ ДИДАРЛАСУ

Елорданың Достық үйінде Одилжон Саттаров бастаған «Ватандошлар» қоғамдық қоры делегациясының Астана қаласы өзбек этномәдени орталығының активімен кездесуі өтті. Кездесуге Парламент Сенатының депутаты Әлішер Сатвалдиев, қалалық Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова қатысты.

Астана қаласы өзбек этномәдени орталығының төрағасы Шерзод Пулатов модераторлық еткен жиында тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту, ұлттаралық келісім, этномәдени бірлестіктермен және қоғамдық қорлармен жұмыс істеу мәселелерін талқылап, өзара пікір алмасты. Қонақтар қалалық Қазақстан халқы ассамблеясы қызметімен танысып, Достық үйінде арнайы ұйымдастырылған экскурсияны тамашалады. Қоғамдық қордың өзбек тілі мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін этномәдени орталық атынан ұйым өкіліне алғыс хат пен ұлттық кәдесый табыс етілді.

«Ватандошлар» қоғамдық қорының мақсаты – шетелде тұратын отандастарды тарихи отаны төңірегіне біріктіру, олардың жүрегінде елге деген мақтанш сезімін нығайту, ұлттық ерекшелікті сақтау, отандастарды және олар құрған түрлі бірлестіктерді қолдау.



ӘСКЕРИ КУӘЛІКТЕР ТАПСЫРЫЛДЫ

Астана қаласындағы Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейде оқушыларға әскерге шақырылушы куәліктері салтанатты жағдайда тапсырылды.

Салтанатты іс-шарада Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі Ғани Артықов, Астана қаласы «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігінің басқарма мүшесі Сембек Қабиев, жауынгер-интернационалистер Сәрсенхан Әзімханұлы, Нүриден Ерзақов және мектеп ұстаздары болашақ сарбаздарға ақыл-кеңесін айтып, куәліктерін табыс етті. Ал алғашқы әскери дайындық пәнінен дәріс алған оқушылардың өздері әскери қаруды бөлшектеу, сапта тұру және басқа да өнерлерін көрсетті.

Келешекте Отан қорғаушылар қатарына қосылатын жастардың алғашқы әскери құжатын алуға арналған іс-шара мектеп көркемөнерпаздарының концертімен түйінделді.



ҚАТЕРЛІ ІСІК «ЖАСАРЫП» БАРАДЫ

Бүгінгі таңда елордада 3 мыңнан астам әйел сүт безі обырымен диспансерлік есепте тұр. Бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің «Көпсалалы медицина орталығы» ШЖҚ МКК №1 хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, онколог-маммолог, хирург дәрігер Юрий Жуков айтып берді.



Астанада жалпы сырқаттанушылықтың 180,1-ден (2021 жылы) 180,6-ға (2022 жылы) дейін өсу үрдісі байқалады, бұл жалпы ауруды алдын ала анықтау, тұрақты жүзде скрининг жүргізумен және жалпы өлім-жітімнің 71,1-ден (2021 жылы) 67,0-ге (2022 жылы) дейін төмендеуімен байланысты.

– 2007 жылдан бастап Астана қаласы бойынша сырқаттанушылық құрылымында сүт безі обыры 1-орында тұр. Былтыр 401 сырқат жағдайы тіркелген, бұл 100 мың тұрғынға шаққанда 30,3 құрады (2021 жылы 100 мың адамға шаққанда 344/28,4), скринингті енгізуге байланысты сырқат белгілерін уақытынан ерте анықтау 6,6%-ға арт-

ты. 2021 жылмен салыстырғанда 100 мың тұрғынға шаққанда 6,7-ден 6,2-ге дейін өлім-жітімнің 7,5%-ға төмендеуі байқалады, аурудың 1-2-сатысының ерте диагностикасы жақсарды және 90,2% – (2021 жылы – 87,0%) 3,7%-ға жоғары көрсеткішті құрады. Бүгінгі таңда 3 мыңнан астам әйел сүт безі обыры бар диспансерлік есепте тұрады, – деді Ю.Жуков.

Онколог-маммолог маманның айтуынша, қатерлі дертке шалдығатындар қатары «жасарып» келеді. Жағдайдың 50-60%-ы 40-60 жас аралығындағы науқастар арасында тіркелген. Алайда қатерлі ісік 20-30 жастағы науқастарда да кездеседі.

– Қатерлі ісіктің туындауына төмендегі жағдайлар себеп болады. Алдымен тұқым қуалаушылық. Нақтырақ айтсақ, жақын туыстарында, әсіресе жас кезінде сүт безі қатерлі ісігі анықталған жағдайда қауіп 3-5 есе жоғары. Физикалық жарақаттар, яғни жарақат алған кезде сүт безінің ауруына шалдығу пайызы 4 пайыздан 44 пайызға дейін артады. Дұрыс тамақтанбау, жануар майын шамадан тыс тұтыну, жоғары калориялы тағамдар, А, Е, С, Д дәрумендерінің жетіспеушілігі де қатерлі ісікті тудыруы мүмкін, – деді дәрігер.

Дәрігер қатерлі ісікке уайым-қайғы да үлкен себеп болатынын атап өтті.

Әлемде жеті құрлықты 7 күнде жүгіріп өтетін айрықша спорт сайысы басталды.

Марафонға 50 атлет қатысуда. Арасында арбаға таңылған қайсар жандар да бар. Олар 7 құрлықта 7 күнде 7 марафонда жүгіреді. Яғни Антарктидада басталған дода ертең түн ортасында АҚШ-тың Флорида штатында аяқталуы тиіс. Қазір желаяқтар Австралияда. Барлық қашықтықты ең қысқа уақытта бағындырған желаяқ жарыстың жеңімпазы атанады.



Әйгілі кинорежиссер Джеймс Кэмеронның «Аватар: су жолы» фильмі халықаралық прокатта тарихта ең көп табыс әкелген үшінші фильм атанды.

Бірінші «Аватар» фильмі шетелде 2,1 миллиард доллар жинаған тарихтағы ең табысты фильм болып қала бермек. Ал «Мстители: Финал» фильмі 1,9 миллиард доллармен екінші орында. Сондай-ақ бұл фильм халықаралық прокатта кассалық жинақ жағынан Джеймс Кэмеронның тағы бір әйгілі туындысы – «Титаник» фильмінен асып түскен. Фильмнің сыртқы нарықтағы кассалық жинағы 1,538 миллиард долларды құраған.

САЙЛАУ-2023

01.02.2023 жылғы 05-Ө бұйрығына №1 қосымша

«Elorda Aqparat» ЖШС, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына, сондай-ақ ҚР Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» және 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлықтарына сәйкес, «Вечерняя Астана» және «Astana aqshamy» газеттерінің және «Elorda Info» желілік басылымының меншік иесі 2023 жылғы 19 наурызда сайлауға қатысатын барлық деңгейдегі ҚР Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

8 (7172) 42-43-52, 8-708-160-81-23, Асыл Сұлтанова
Қазақстан Республикасы, Астана қ., Достық к-сі, 13

Басылымдарға материал беру «Elorda Aqparat» ЖШС-пен жасалған 2023 жылғы 19 наурыздағы кезектен тыс сайлауға қатысатын ҚР Парламенті Мәжілісінің немесе барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидатқа баспа үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңын беру туралы жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады. Кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-пен басылымдарға орын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-тен сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады.

Мекемеге жіберілетін жазбаша өтініште мынадай ақпарат болуға тиіс:

- Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- Жазбаша өтініш берген кандидаттың ТАӘ, сенім білдірілген тұлғаның ТАӘ;
- Тұлғаның жазбаша өтініш беруге өкілетін растайтын құжат – кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- Басылымдарға берілетін материалдың жоспарланған көлемін және оны беру уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін қайтасөз отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;
- Кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді «Elorda Aqparat» ЖШС 2023 жылғы 18 ақпаннан 17 наурызға дейінгі күнді қоса алғанда, күн сайын сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа, Астана қаласы, Достық көшесі, 13 мекенжайы бойынша 222-кабинетте қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Баспа материалдарын орналастыру кезегін «Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгілейді.

Үгіттік баспа материалдарын «Elorda Aqparat» ЖШС модульдер немесе мақалалар түрінде шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қойған газеттер шыққан күнге дейін

1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынылады. «Elorda Aqparat» ЖШС үгіттік баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табыну идеяларын жариялауды, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерлендірілгендерді құруды қараған жағдайда және заңнамада көзделген өзге де негіздерде оларды орналастырудан бас тартуға құқылы.

«Elorda Aqparat» ЖШС кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы хабарламада көрсетілген басылымдарға материал беру шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Басылымға материал ұсынғаны үшін төлем мөлшері:

«Вечерняя Астана» және «Astana aqshamy» газеттерінің беттерінде жарияланымның 1 шаршы см орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 1265 теңге.

Газеттердің «vchastana.kz», «astana-akshamy.kz» сайттарында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 30000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 30000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында тапсырыс беруші ұсынған мақаланы (2500 белгіге дейін бос орны бар) орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 40000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында орналастырылған мақаланы (2500 белгіге дейін бос орны бар) жазу құны, ҚҚС қоса алғанда – 80000 теңге.

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүзеге асырылады.

Төлем тиісті шартта көрсетілген «Elorda Aqparat» ЖШС-тің банк деректемелеріне жіберіледі.

О.СЫДЫҚБЕК,
«Elorda Aqparat» ЖШС директоры

ҚАР ШЫҒАРУ ЖАЛҒАСУДА

Бас қалада жапалақтап жауған қар айналаны ақ ұлпаға орады. Осыған орай, коммуналдық шаруашылық саласының мамандары тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп, қала көшелерін қар мен мұздан тазарту жұмысын жалғастыруда.



Кеше түстен кейін қар тазалау жұмысына екі мыңнан астам жол жұмысшысы мен мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылды.

Мамандардың мәлімдеуінше, түнгі уақытта елордадан 6 мың текше метрден астам қар шығарылды. Ең алдымен, ережелерге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін өте қарқынды қозғалыс аймақтары, содан кейін барып орташа қарқыны бар учаске-алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. жерлер қардан тазартылады. Қыс мезгілінің басынан бері қаладан

3 млн текше метрге жуық қар шығарылды, ол үшін қар полигондарына 234 мыңнан астам рейс жасалды.

Сондай-ақ толассыз жауған жапалақтар көшелерді басып, жаяу жүргіншілерге де, көлік жүргізушілеріне де қолайсыздық тудырмауы үшін тазалыққа жауапты мамандар күн-түн демей дамылсыз қар шығарумен айналысып, коммуналдық қызметтер жолдарға, көшелерге, тротуарларға, аялдама павильондарының маңына үнемі құм-тұз қоспасын себуге. Бұл ретте бірінші кезекте көлік қозғалысы үшін ең қауіпті магистральдер мен көшелердің учаскелері өңделуде.



АУЫЛДЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ

«Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы өз тізіміндегі 25 үміткерімен үшінші рет парламенттік сайлауда бақ сынайды. Мажоритарлық жүйе бойынша 9 адам үміткер болады. 4 ақпанда өткен партияның кезектен тыс XXII құрылтайында осындай шешім қабылданды.

Құрылтайды ашып, сөз сөйлеген «Ауыл» партиясының төрағасы Әли Бектаев 2017 жылы бірінші сайлаудағы партияның көрсеткіші көңілден шықпағанын мәлімдеді.

«Осымен үшінші рет Парламент және мәслихат сайлауына қатысамыз. 2017 жылы бірінші сайлауда біздің көрсеткіш көңілімізден шыққан жоқ. Содан бері «Ауыл» партиясы өзінің жұмысын жандандырып, жоспарына толық өзгерістер енгізіп, кешенді бағдарламасын қалыптастырды. Қазіргі уақытта саяси ұйымға айналдық деп толық

сеніммен айта аламын. Биылғы сайлаудан үлкен үміт күтеміз. Бұл науқанда партияның 600-ден астам өкілін түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттығына үміткер ретінде ұсынамыз» деді партия төрағасы.

Құрылтайда партияның сайлауалды бағдарламасындағы негізгі мәселелер талқыға түсті. Мәселен, тұрғындармен кездесу барысында тұтынушылар тарапынан бағаларға қатысты көптеген сұрақ туындайды. Негізінен, бағаның тұрақсыздығы, оның үнемі көтерілетіні, тауардың қымбаттығы туралы айтылады.

Ал сатушылар «отандық тауар өндірушілер тауарларды жүйелі түрде жеткізбейді, сондықтан импорттық дайын өнімдермен жұмыс істеуге мәжбүр боламыз» деген пікірді алға тартады. Партия төрағасының орынбасары Жигули Дайрабаев азық-түлік тауарлары бағасының тұрақты өсуі елдің азық-түлік қауіпсіздігіне төнген қауіп екенін айтады.

«Азық-түлік қауіпсіздігі элементінің бірі – азаматтардың қолжетімді, қолайлы бағамен азық-түлік сатып алу мүмкіндігі. Бұл біздің елде жоқ. Мұның бәрі реттелуі үшін ең бастысы қолдау қажет. Қаптамаға ыңғайлы, сапалы, сұрыпталған өнім көп болуы керек. Ол үшін кооперативтер, сату кооперативтері құрылуға тиіс. Мемлекеттің аграрлық саясатын үйлестіру қажет. Ол үшін ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын құру маңызды. Ауыл еңбеккерлерінің



ауылда өндіретін өнімдерін дәл осы ұйымдар сатып алып, қалаға жеткізеді. Мұның бәрі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кооперациясы негізінде болуға тиіс. Бағалар қолайлы болуы үшін ауылшаруашылық өнімдерін көбірек өндіріп, сапалы өнім шығару керек» дейді ол.

Айтпақшы, «Ауылдың» партиялық тізіміндегі 25 үміткердің ішінде Президент сайлауына қатысқан екі адам бар: біреуі – Жигули Дайрабаев, екіншісі – жақында осы партияға өткен Қарақат Әбден. Мажоритарлық жүйе бойынша «Ауылдан» 9 адам Астанада, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Атырау, Ұлытау облыстарынан және Алматыдан сайлауға қатысады.



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Алтыншаш ТАБУЛДИНА,
№5 қалалық емхананың бас дәрігері:

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

– Мәслихат пен Мәжіліс депутаттарының жаңа құрамы жақында белгілі болады. 18 ақпанға дейін өзін депутаттыққа кандидат ретінде ұсынатын азаматтарды тіркеу жүргізіледі. Соңғы жылдары сайлау туралы заңнаманың жетілуіне қарай ондағы жаңашылдықтар әр түрлі аймақ өкілдерінің көп болып, соған сәйкес пікірлердің де әр түрлі болатын сипатына көшті. Осылайша, екі жыл бұрын республикада бірінші рет праймериз өткізілді, сол арқылы әрбір азамат өз бағдарламасын ұсынып, депутат болуға мүмкіндік алды. Енді бір мандаттық округтерде сайлау енгізілуде. 29 мажоритарлы мандатты енгізудің басты ерекшелігі – оның партиялық және тәуелсіз кандидаттарға өзінің кандидатурасын Парламент Мәжілісі мен түрлі деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына ұсынуға мүмкіндік беруі. Егер Мәжілісте мажоритарлы сайлау жүйесі халықтың бір мандатты



округтер арқылы барлық құрамның 30 пайызын сайлауына мүмкіндік берсе, өңірлік мәслихаттарда бұл көрсеткіш одан әрі жоғарылап, облыстық деңгейдегі өңірлерде 50 пайыз және аудандық, қалалық мәслихаттарда 100 пайыз болады. Бұл – еліміздің барлық өңіріндегі сайлауға бейтарап қарайтын азаматтар үшін Қазақстанды күшейтіп, өзінің үлес қосуына берілген жақсы мүмкіндік. Мәжілістің қалған 69 депутаттық мандаты тіркелген партиялар арасында бөлінеді. Бұл партияның ең жігерлі, білікті және дарынды өкілдерін мажоритарлы саяси жұмысқа тартуға ықпал етеді.

Тамара ШИРМЕР,
«Оберег» украиндықтар қоғамы»
ҚБ төрағасы:

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚАЛАСАҚ, БЕЛСЕНДІ БОЛАЙЫҚ



– Елімізде конституциялық реформаны тәжірибеде іске асыру жалғасуда. Биыл қаңтарда заң шығару қызметін жүзеге асыратын республиканың өкілді органы – Парламент Сенатының депутаттарын сайлау өткізілді. Енді алда 2023 жылдың 19 наурызында Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлау науқаны өтеді. Бұл сайлаулардың ерекшелігі – референдум нәтижесі бойынша қабылданған түзетулерге сай-

қас олардың аралас сипатқа ие болуы. Азаматтар кандидаттарға партиялық тізім бойынша таңдау жолымен ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі ұсынған кандидаттарға да дауыс бере алады. Тағы бір жаңашылдық – нақты бір сайланушылардың жұмысына көңілі толмайтын қазақстандықтардың олардың кандидатурасын қайтарып алуға құқығының болуы. Жалпылама алғанда, сайлау науқаны Қазақстандағы бүкіл саяси процестің дамуының оң трендіне ие. Егер біз Әділетті Қазақстанда өмір сүрумен байланысты қоғамда өзгерістер болғанын қаласақ, егер мемлекеттілігімізді нығайта түсуді көздесек, онда еліміздегі өте маңызды мемлекеттік және саяси акциялар – Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауына белсенді қатысуымыз керек.

ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАДЫ



Кеше елордада Respublika партиясының кезектен тыс құрылтайы өтіп, саяси ұйым өз үміткерлерінің тізімін жариялады. Мәжіліске партиялық тізім бойынша 25 үміткер, ал бір мандаттық жүйе бойынша 4 үміткер бақ сынайды. Барлығы – 29 адам. Басқа партиялардан бір өзгешелігі, Respublika-ның 1 партия төрағасы, 7 тең төрағасы бар.

«Партия тең төрағаларының орташа жасы – 35 шамасында. Мәжіліске партиялық тізім бойынша 25 үміткер, ал бір мандаттық жүйе бойынша 5 адам бақ сынайды» деп түсіндірді партияның тең төрағасы Сырымбек Тау сайлауға ұсынған үміткерлер туралы. Ол партияға мүшелікке көбіне жастар тартылғанын, олардың біразы кәсіпкерлік салада қызмет етіп жүргенін айтты.

«Мәжіліске біздің партия атынан үміткерлер барса, олардың заң шығару саласындағы жұмыс істеуге сауаты жетеді деп ойлаймын. Жалпы, біздегі жігіттер мен қыздардың мол тәжірибесі бар. Біздің көзқарасымыз жан-жақты болады» деді С. Тау.

Құрылтайға партия төрағасы Айдарбек Ходжаназаров, тең төрағалар – Сырымбек



Тау, Руслан Берденов, Максим Барышев, Динара Шүкіжанова, Қуаныш Шонбай, Бейбіт Әлібеков және Нұрлан Қоянбаев, сондай-ақ партияның 20 аймақтық филиалының өкілдері, белгілі қазақстандық кәсіпкерлер мен қоғам қайраткерлері қатысты. Партиялық тізім бойынша Мәжіліс депутаттығына үміткерлердің арасында Айдарбек Ходжаназаров, Айтуар Қошмамбетов, Әсел Дәкен, Әсем Әдірайымова, Бақытбек Хамит, Бейбіт Әлібеков, Екатерина Смолякова, Қуаныш Шонбай, Нұрлан Қоянбаев және тағы басқалар бар. Бір мандаттық сайлау округтері бойынша партияның атынан саяси додада Бағила Балтабаева, Махамбет Хасенов, Назигул Шаймарданова, Сырымбек Тау бақ сынайды.

Райхан
РАХМЕТОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

«АСТАНА ҮШІН БҮЛ –
ҰЯТ НӘРСЕ!»

Президент айтқандай, соңғы жылдарда елордалықтар саны ішкі демография және көші-қон есебімен күрт өсіп отыр. Жылына өзге өңірлерден астанаға шамамен 50-70 мыңдай адам келеді. Бұл – жыл сайын қалада осынша емхана салыну керек деген сөз. Алайда қалада медицина инфрақұрылымы бұл қарқынға ілесі алмай тұр. Әр жылда бір емхана салуға мүмкіндік болмағандықтан әзірге тұрғын үйлер астынан «Үй маңындағы дәрігер» жобасымен емхана ашу қолға алынғанына 5 жылдай болды. Оның бір артықшылығы – тұрғындарға тез баруға қолайлы, бірақ ең керек салалық дәрігерлердің жетіспеуі бәрібір өзге емханаларға сандалуға әкеп соғады. Бір емханада шамадан тыс тұрғынның тіркелуі, ал кейбірінде тиісті мөлшерден төмен болуы халықтың емдеу мекемелеріне бөлінуі бойынша тепе-теңдіктің бұзылуына әкелді. Содан кейбір емханаларда дәрігер қабылдауын ұзақ күтуге тура келеді.

– Емханаларда кезек көп. Перзентханаларда орын тапшы. Ондағы жүктеме қалыпты нормадан 68 пайызға артық. Сондай-ақ кейбір ауруханада санитарлық талаптар сақталмайды. Балалар емханасындағы қабылдау бөлмелері заман талабына сай емес. Қалада балаларға арналған жалғыз травматология пункті бар. Жарақат алған балалар сол жерде ұзын-сонар кезекте тұруға мәжбүр болады. Үшінші көпсалалы балалар ауруханасы тек инфекциялық ауруларды емдейді. Онда хирургия, офтальмология және травматология бөлімдері жұмыс істемейді. Елорда үшін бұл – ұят нәрсе, – деді Қ.Тоқаев. Осылайша, ол астанадағы медицинаның ең осал тұстарын тізіп айтып берді. Денсаулық сақтау министрлігіне қала әкімдігімен бірлесіп, балалар медицинасына қатысты мәселенің бәрін шешуді тапсырды. Сондай-ақ ірі медициналық мекемелерді жекешелендірудің тиімділігін қайта қарайтын кез келгенін жеткізді.

– Пайда табуды көздеген жекелеген ауруханалар мүмкіндігі бола тұра кейбір дәрігерлік қызмет көрсетуден бас тартып жатыр. Ұлттық ғылыми медицина орталығы жақында жекеменшікке өтті. Онда бүйрегін ауыстырған науқастарды оңалту жұмысы тоқтатылған, – деді ол.

Бұдан бөлек, медицина кадрларының тапшылығы мәселесіне де тоқталды. «Қалада 600-ден астам маман жетіспейді. Денсаулық сақтау министрлігі осы мәселелерді шешу қажет. Бұл салаға білікті мамандарды тартып, олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. «Елорда жастары» бағдарламасына медицина қызметкерлерін қосу мүмкіндігі қарастырылсын» дей келе Президент Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің осы мәселені жеке бақылауға алуы керектігін ескертті.

ЕМХАНАЛАР САНЫ
АРТА МА?

Бүгінгі таңда елордадағы әр емханада 22 мыңнан 100 мың адамға дейін тіркелген. Артық жүктемемен жұмыс істейтіні, негізінен, №9 емхана. Мұнда 100200 адам тіркеуде тұр. Қаладағы емханалар құрылысына 2020 жылы 6 млрд теңге, 2021 жылы 149 млн теңге бөлінді. Осындай деректер келтірген Астана қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов Пре-

ЕМХАНАДАҒЫ КЕЗЕК
ҚАШАН КЕМИДІ?

зидент айтқан мәселелерге орай арнайы жауап берді.

– Қазіргі таңда астанада 16 мемлекеттік және 30-ға жуық жекеменшік емхана бар. Кейбір емханаларға түсетін жүктеменің көптігі қызмет көрсету сапасына әсер етіп, қиындықтар тудыратыны рас. Қаламызда соңғы емхана 2015 жылы салынып, пайдалануға берілген екен. Содан бері бірде-бір жаңа емхана салынбапты. Бүгінде тиісті басқармалармен бірге ыңғайлы жер телімдерін тауып, сол жерге емхана салуға дайындық жүргізіп жатырмыз. Бірінші кезекте №9 емхана аумағына жақын жерге жаңа емхана салу керек. Сол мәселе пысықталуда. Одан кейін «Жағалау» шағын ауданында тек амбулаториялар мен бір ғана типтік жекеменшік емхана болғандықтан, осы ауданнан бір емхана салу көзделуде. Тағы бір шешімін тапқалы отырған мәселе – «Нұрлы жол» вокзалы аумағына да емхана салуға жер телімі қарастырылуда. Аталған емханаларды мемлекет есебінен де, жекеменшік инвесторлар есебінен де салу көзделіп отыр, – деді дәрігер.

Ал кадр мәселесіне келсек, бас дәрігер қаланың денсаулық саласында кадр тапшылығы өткен жылмен салыстырғанда 48% төмендеп, 131 адамды құрағанын мәлімдеді. Бүгінде елордада 12 мыңға жуық медицина қызметкері бар, оның ішінде 3 мыңнан астам дәрігер, 6 мыңға жуық орта медицина қызметкері және 2 мыңнан астам кіші медицина қызметкері жұмыс істейді.

– Кадрларды сақтап қалу үшін бірқатар шаралар тұрақты түрде жүргізіледі. 2020 жылдан бастап дәрігерлердің орташа жалақысы 60%-ға, орта буын медицина қызметкерлерінің жалақысы 50%-ға өсті. Осы жылы дәрігерлердің жалақысын тағы 35%-ға, ал орта буын медицина қызметкерлерінің жалақысын 10%-ға арттыру жоспарланып отыр. Кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023 оқу жылында 19 мамандық бойынша 128 орынға грант бөлінді. 800-



2022 жылы басқармаға келіп түскен жалпы өтініштер саны алғыс білдіру есебінен 4% көп болды. Шағымдар санын 21,4%-ға, 2021 жылғы 15 мыңға жуық көрсеткіштен ағымдағы кезеңде 11 мыңға дейін қысқартуға қол жеткізілді, шағым барлық өтініштердің 51%-н құрайды, алғыс 46%-ды көрсетіп отыр

ден астам медицина қызметкері біліктілігін арттырды. 2020 жылы жергілікті бюджеттен 243 орынға грант бөлінді, оның ішінде 2022 жылы 151 жас маман бітіріп, жұмысқа орналастырылды, 2023 жылы тағы да 92 жас маман келеді. Жалпы кадр жетіспеушілігі елорда тұрғындарының жыл сайын артып келе жатқандығымен байланысты, – дейді Тимур Мұратов.

Ведомстволық бағынысты ұйымдардың инфрақұрылымын жақсарту бойынша өткен жылы 10 медициналық нысанды күрделі жөндеуге 3,8 млрд теңге бөлінген. 7 нысанда былтыр басталған күрделі жөндеу жұмыстарын биыл аяқтау, сондай-ақ 2,1 млрд теңге сомасына 6 жаңа нысанды күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Соңғы 3 жылда медицина мекемелері 3 мыңға жуық арнайы жабдықпен жабдықталды. 2020-2022 жылдар аралығында медициналық техниканың тозуы 22,5%-дан 14,6%-ға дейін қысқарып, жақсартыру өз кезегінде 89,8%-

дан 95,5%-ға дейін ұлғайды. Алынған жабдықтар қатарында ультратыптық аппараттар, компьютерлік томографтар, желдеткіштер, жылжымалы флюорографиялық жүйелер, т.б. бар. Былтыр мекемелердің материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін 7,6 млрд теңге бөлініп, 196 жаңа техникалық құрал-жабдық сатып алынды. Соңғы үш жылда 1,9 млрд теңгеге 155-тен астам мамандандырылған көлік, оның ішінде 65 реанимобиль алынған. Жедел медициналық жәрдем станциясына былтыр 55 жаңа арнайы машина табысталды.

ікомет жүйесі күні-түні демалыссыз жұмыс істейді.

ХАЛЫҚТЫҢ ШАҒЫМЫ
НЕГЕ КӨП?

Осындай ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатса да халықтың денсаулық саласына деген көңілі бігер емес. Оған урбанизация күшімен елорда медицинасына түскен жүктеме ғана себеп пе? Күн сайын қыспаққа алған инфляцияның кесірінен сапалы қызметтің күнкөріс қамытымен жүріп төмендетіп алған дәрігер кінәлі ме? Не де болса халық сапалы медициналық көмектен

ішкі техникалық жабдықтары мен төсек орындары заман талабына сай жаңартылса деген ұсынысын айтады.

– Жалпы елорда болғасын, салыстырмалы түрде астанада перзентханаларда персонал қызметінің сапасы жақсы. Мысалы, Ақтаудағыдай бала босандырғандарға ақша үлестіру, ақша бермесең дұрыс қарамау деген жоқ. Ал көп өңірлерде босанар алдында дәрігермен алдын ала ақшасын беруге келісіп аласың, тіпті есік алдында отырған вахтер апайға дейін дөметеді. Астанада олай емес, кейде рахмет айтып берсең де алмайды, бәріне теңдей қарап, қызмет көрсетеді. Дәрігерлер мен медбикелер өз жұмысын біледі. Тек ішіндегі жабдықтары жөнделсе және персонал сәл де болса емделушілерге немесе босанатын әйелдерге жылы қабақ танытса, соның өзі – демеу, – дейді ол.

Елордалық кейбір тұрғындар «Емханаға еркін тіркел» науқаны кезінде тұрғылықты мекенжайына қарамастан өзіне ұнаған сапалы қызмет көрсететін басқа емханаларға тіркеледі. Солардың бірі Меруерт Есенбекқызы қазіргі тіркелген Green clinic медициналық орталығының жұмысы бұрынғыларынан әлдеқайда ұнайтынын жеткізді.

– Бұрынғы емханада тіркеуде болған жылдар ішінде терапевт дәрігеріміз 5 рет ауысты. Олар біреуі жүктелігіне байланысты демалысқа кетсе, енді бірі жұмысы ауыр болып шығып кетеді. Себебі әлі күнге дейін бір дәрігердің бірнеше участок тұрғындарына қызмет көрсетіп, шаршап жүргенін көріп жүрміз, – дейді ол.

Қалай болғанда да халық ауруын дер кезінде емдеп, кезегін көп күтпей дәрігерге қаралатын, диагнозын деп басып айтып, анда-мында сандалтпайтын, пациенттен ақша дөметпей, Гиппократ антына адал қызмет ететін мамандары бар нағыз жоғары деңгейдегі медицинаны аңсайды. Осы орайда елордада денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын дамыту, кадр тапшылығын азайту және олардың біліктілігін арттыру, денсаулық сақтау саласындағы цифрландыруды дамыту жұмыстары сапалы атқарылса ғана жағдай түзеледі. Оның үстіне елімізде «Салауатты ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» деген сияқты ұлттық жобаларды жүйелі іске асыру денсаулық сақтау саласын дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. Астаналық тұрғындар үшін сапалы медициналық көмек қашан да қолжетімді болуы тиіс. Денсаулық сақтау саласын үнемі басты назарда ұстап отыратын қала әкімдігі осы бағытта бақылау, қадағалау жұмыстарын жандандыра түсуі қажет.



Сондай-ақ елорда емханаларынан мамандарды шұғыл шақыртқанда бару, мобильдік бригадаларды тасымалдау үшін 51 жаңа көлік берілді.

– Сын орынды болса қашан да алға жылжыуға көмектеседі. 2022 жылы басқармаға келіп түскен жалпы өтініштер саны алғыс білдіру есебінен 4% көп болды. Шағымдар санын 21,4%-ға, 2021 жылғы 15 мыңға жуық көрсеткіштен ағымдағы кезеңде 11 мыңға дейін қысқартуға қол жеткізілді, шағым барлық өтініштердің 51%-н құрайды, алғыс 46%-ды көрсетіп отыр, – дейді елорданың бас дәрігері. Бүгінде қаланың әр тұрғыны басқарма басшысының қабылдауына жүгіне алады. Тұрғындардың шағымын қабылдау бойынша



Гүлшат
САПАРҚЫЗЫБЕРЕРІ МОЛ ШЕБЕРЛІК
САБАҚТАРЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК мен №81 «Astana English School» халықаралық мамандандырылған гимназиясы «Халықаралық Бакалавриат МҮР және РҮР: Қағидадан тәжірибеге» атты республикалық семинар өткізді.

Бағдарлама аясында «Мектеп қауымдастығы School community» атты көрме ұйымдастырылып, «Педагогикалық жәрмеңке» тақырыбында ашық сабақтар, «Педагогикалық шеберхана» шебер-сыныптар, «Poster session: Ынтымақтастық Collaboration» постер сессиясы және «READx», TEDx AES сөз шебері жобасының таныстырылымы өтті.

Семинарға Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қ.Сенғазыев, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Әдістемелік қызметті үйлестіру және педагогты кәсіби дамыту орталығының директоры Е.Жұмашов, Республикалық «Дарын» ғылыми практикалық орталығының директоры Г.Тұрсынов, республика көлемінде білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері қатысты.

«2019 жылдан бастап халықаралық ІВ авторизациялау бағдарламасының жүзеге асырылуы Астана қаласының 6 мемлекеттік білім беру ұйымында бастау алды. Халықаралық Бакалавриат РҮР – бастауыш (1-4 сыныптар), МҮР – негізгі орта білім беру (5-9 сынып) бағдарламалары бойынша №№66,73,81,85 мектептер кандидат ретінде жұмыс жасады. Әрбір білім беру ұйымына ІВ бағдарламасының халықаралық консультанттары бекітілген» деді Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қ.Сенғазыев өзінің баяндамасында.

МАҚСАТ – БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР
ТӘРБИЕЛЕУ

Бүгінгі таңда №81 «Astana English School» гимназиясы ІВ Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша авторизациядан өтіп, дүниежүзілік халықаралық мектеп мәртебесін алды. Қалған 3 мектеп жіберілген құжаттардың нәтижесін күтуде. Ағымдағы жылы №81 мектеп-гимназиясы DP – жоғары білім беру (10-11 сынып) бағдарламасымен жұмыс жасауға кандидаттыққа үміткер ретінде тіркелді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілетті, креативті және жоғары мәдениетті тұлға тәрбиелеу. Бағдарламаға жұмсалатын қаражат Білім басқармасы бюджет есебінен қаржыландырылады. Қазіргі таңда ІВ бағдарламасы бойынша білім алушылар саны – 10 188 және 274 педагог арнайы курстан өтіп сертификатталды.

Айта кету керек, 2021-2022 оқу жылы 11 сыныптан 50 оқушы Айелтс (IELTS) тестін тапсырып, жоғары балл жинаса, 2022-2023 оқу жылы 11 сыныптан 61 оқушы Айелтс (IELTS) тестін тапсырып, жоғары баллмен көрінді. Сонымен қатар Айелтс (IELTS) емтиханын тапсырған 9 педагог жақсы нәтижелер көрсетті. Бағдарлама аясында оқушылар халықаралық деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Семинарды өткізудегі басты мақсат та сол – осы халықаралық бағдарламамен жұмыс жасайтын мектептердің тәжірибесімен таныстыру.

БІЛІМДІ ҰРПАҚ
БӘСЕКЕДЕ ОЗАДЫ

XXI ғасыр – жылдам өзгерістер ғасыры. Жаңару, өзгеруді күнделікті өмірден көріп жүрміз. Адам тәрбиесі, тұлғаны қалыптастыру ісі де бір орында тұрмайды, үнемі ізденіс, жетілдіру үстінде. Елорданың ұстаздары, мектептері қай жағынан да республика мектептеріне үлгі болып отырғаны белгілі. Осы орайда жақында Астана қаласы мемлекеттік мектептері халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша іс-тәжірибесімен республика көлемінде бөлісті.



Бүгінгі елордалық ұстаздар қазақстандық педагогикалық дәстүрлерді сақтай отырып, заманауи әдістерді, инновациялық әзірленімдерді оқыту процесіне ұтымды енгізіп, өзге әріптестерге үлгі болып келеді. Жүйелі де нәтижелі атқарылған жұмыстардың жемісі – педагогтардың кәсіби біліктілігімен оқушылардың білім сапасы арқылы нақты көрініс беруде. Бүгінгі семинар соның нақты көрінісі болмақ. 2 күндік семинарда сіздер жоғарыда аталған 4 мемлекеттік мектептің оқушылар мен педагогтарының ІВ бағдарламасы бойынша сабақтарына қатысып, әзірлеген жобаларымен танысып өз пікірлеріңізбен бөліседі деген ойдамын, – деді Қ.Сенғазыев өз сөзінде.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДЕНГЕЙДЕГІ
ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ

«1200 орынға арналған №81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиямыз 2015 жылы бой көтеріп, 1 қыркүйекте оқушыларға есігін айқара ашқан еді. Бүгінгі таңда әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті бола алатын зияткер ұрпақ тәрбиелеуде қазақ-ағылшын тілінде білім беретін білім ордасына айналып отыр. Алғаш ашылған жылы гимназияны 150 оқушымен аяқтасақ, қазіргі таңда оқушылардың саны 1058-ге жетіп отыр» деді №81 Халықаралық «Astana English

school» мамандандырылған гимназиясының директоры Гүлнар Садықова.

2021 жылдың маусым айында №81 «Astana English School» гимназиясы Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша авторизациядан өтіп, МҮР – негізгі орта білім беру бағдарламасы рұқсат етілген дүниежүзілік халықаралық мектеп мәртебесін алды, яғни оқу ошағы еліміз бойынша тұңғыш рет халықаралық деңгейдегі тұңғыш мемлекеттік мекеме саналады.

«Бүгінгі күні гимназияда қызмет етіп жатқан кәсіби шеберлігі қалыптасқан, тәжірибесі мол, білікті педагогтардың жалпы саны – 112, оның ішінде 13-і – шетел маманы. Жыл сайын академиялық дәрежеге не педагогтар саны ұлғаюда. Мектеп ашылғаннан бергі кезеңмен салыстырғанда, ғылым кандидаттарының саны 1 адамға, Phd докторлардың саны 2 адамға және магистрлердің саны 30 адамға ұлғайды. Жалпы шетелдік кадрларды тарту жұмысы жалғастырылуда. Шетелдік мұғалімдер жергілікті әріптестерімен бірлесе жұмыс істей отырып, оларға пәндерді ағылшын тілінде оқытуға қолдау көрсетеді, сабақ пен тәжірибені бірігіп зерттейді.

БІЛІМДІ БАЛАЛАР –
ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Болашақта елімізге білімді ұрпақ керек екенін ескерсек, ал

сол білім кілті – барлық нақты ғылымдардың негізін меңгеруде жатыр. Мектебіміздің әрбір шаңкірті ұстаздарының сенімін ақтап келеді. Білім ордасының жыл сайынғы жетістіктері – соның айғағы. Гимназиямыздың 437 оқушысы халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарында, түрлі өнер байқаулары мен спорт жарыстарында жүлдегер атанып, түлектердің 100%-ы еліміздің және шетелдің үздік жоғары оқу орындарына түсті. Гимназия Американың ең танымал оқу орны Вашингтон академиясымен серіктес және оның ресми өкілі болып танылды. Халықаралық ұйымдармен екі арада «Global Scholars» жобасының үйлестірушісі ретінде, сондай-ақ ЮНЕСКО-мен қолайлы білім беру ортасы мәселелері бойынша әріптестік ынтымақтастық байланыс орнатып отыр. Гимназияның басты ерекшелігі – жаратылыстану бағытындағы пәндердің ағылшын тілінде оқытылатындығы. Білім ұямыз мамандандырылған гимназия болып ашылып, 2021 жылы Қазақстан бойынша ең алғашқы мемлекеттік қазақ мектебі Халықаралық бакалавриат мәртебесін алды, 2022 жылы сәуір айында мектеп атауы №81 Халықаралық «Astana English school» мамандандырылған гимназиясы болып өзгертілді.

«Халықаралық Бакалавриаттың негізгі миссиясына сай гимназиямыздың өз миссиясын жасап шығарды. Осы миссия бойынша мектептің барлық қатысушылары мәдениетаралық түсіністік, үздіксіз білім алуға және жоғары адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған зияткерлік қоғамды тәрбиелеуге ұмтылады. Бұл семинарда әріптестеріміз мектеп ұстаздарының ашық сабақтары мен шебер-сыныптарына қатысып, тәжірибе алмасып, педагогтар өздеріне тың идеялар алады деген ойдамын» деді гимназия директоры. Астана қаласының ұстаздары – еліміздегі барлық ұстаздар қауымына мектеп қандай болуы керек, ұстаз қандай болуы керек, оқушы қандай болуы керек дегенде үлгі тұтар, алдыңғы қатарлы, үздіктер екенін мақтанышпен айтуымыз қажет, бүгінгі семинар – соның айғағы!

КӨҢІЛ АЙТУ

НҮРБАЕВ ҒҰМАР ҚАРЫСҰЛЫ

Астана қаласының сәулет қауымдастығы, достары, әріптестері, «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ұжымы, «Қазақстанның қала құрылысшылары одағының астаналық филиалы» ҚБ Қазақстан Республикасының Құрметті сәулетшісі Нұрбаев Ғұмар Қарысұлының қайтыс болуына байланысты қайғырып, туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ғұмар Қарысұлы 1958 жылы 3 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Катон-Қарағай ауданының Мойылды ауылында дүниеге келген.

Орта мектепті бітірген соң 1976-1978 жылдары Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеді, кейіннен Шығыс Қазақстан облысының «Алтай» совхозында жұмыс істеді.

1985 жылы Өскемен құрылыс-жол институтында «Сәулет» мамандығы бойынша оқуын тәмамдады. Одан әрі тарату бойынша Целиноград қаласына келді. 1985 жылдан бастап 1994 жылға дейін «Целиногорсельпроект» жобалау институтында (кейіннен Целиноградпроект) сәулетші, сәулет шеберханасының бастығы, жобалау институтының бас сәулетшісі ретінде қызмет етті. Одан кейін сәулетші, бөлім басшысы ретінде түрлі ұйымдарда өзінің кәсіби қызметін жалғастырды.

2001 жылы «Астана бас жоспары» жобалау институты құрылған кезден бастап Ғұмар Қарысұлы жаңа бас жоспар шеберханасын басқарды. Жаңа астананың қала құрылысы жобаларын жобалауды ұйымдастырды. 2001-2007 жылдары оның қатысуымен қарқынды дамып келе жатқан жас астананың көптеген түбегейлі жоспарлау жобалары әзірленді. 2003 жылы «Астана қаласының жаңа әкімшілік орталығының деңгелек алаңы құрылысы» жобасы бойынша жұмысты басқарды. 2007 жылы Ғұмар Қарысұлы жобалаудың барлық сатыларының: ТЖЖ – бас жоспарға, эскиздік жобаның – ТЖЖ, жұмыс жобасының – эскиздік жобаға және т.с.с. сәйкестіктерін бақылауды қамтамасыз ететін жобалау құжаттамасының мониторинг шеберханасының жұмысын ұйымдастырды.

2008 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Нұрбаев Ғұмар Қарысұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Оның тікелей қатысуымен Астана қаласының орталық базары ауданындағы бірін-



ші жаңа мешіт, ҚР Қарулы күштерінің мемлекеттік әскери-тарихи мұражайы (Республика даңғылы-Бараев көшесі), Абылай хан даңғылындағы тұрғын үйлер, Қабанбай батыр даңғылындағы 30 мың дұға етушіге арналған Астана қаласындағы жаңа мешіт жобаланды.

Еліміздің көптеген қалалары мен елді мекендерінің қала құрылысы және сәулет жобаларын әзірлеуге қатысты (Атырау қаласы, Ақмола облысының елді мекендері). Түркістан қаласындағы Керуен сарайы объектісін де ол жобалады.

Ғұмар Қарысұлының қарындаштың бірнеше штрихтерімен кескіндерді беруге және кез келген сәулет және қала құрылысы идеясын елестетуге, жобалау процесін кәсіби түрде ұйымдастыруға, әдеттегі жұмыс процесіне шығармашылық сипат беруге ерекше қабілеті болды. Ол оқушылардың бүкіл санлақтары тәрбиеледі, сәулет және қала құрылысы саласында танымал беделді болды.

Ғұмар Қарысұлы өмір бойы сүйікті ісіне берілген, еңбек жолын қарапайым сәулетші болып бастап, 38 жылдан астам сәулетші болып қызмет атқарды.

Біздің есімізде Ғұмар Қарысұлы ашық, ақкөңіл, зиялы, жігерлі адам болып қалады, ол тамаша, жарқыраған, әзіл-оспақты түсінетін, позитивті, сыни ойлайтын, әріптестерін қолдауды және бағыттауды білетін адам, жақсы отағасы, жұбайына сүйікті жар және шынайы одақтасы, отбасына тірек болды, тамаша балаларды өсірді, немерелерін сүйіспеншілікке бөледі.

Қайғырып көңіл айтамыз. Есімізде мәңгі қалады.

Достары,
әріптестері,
Астана қаласының
сәулетшілері,
Қазақстанның қала
құрылысшылары
одағының астаналық
филиалы,
«Астана бас жоспары»
ҒЗЖИ» ЖШС
ұжымы
2023 жылғы 6 ақпан

«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС Тапсырыс беруші тұлғасында инвестордың қаражаты есебінен жобаларды іске асыру үшін жер учаскелерін беру жөніндегі қайталау конкурстық рәсімдерді жариялайды.

Конкурсты өткізу шарттары бар конкурстық құжаттаманы 2023 жылғы 10 ақпанға дейінгі мерзімде Астана қаласы, Әзірбайжан Мамбетов көшесі, 24, 805-офис мекенжайы бойынша қолма-қол алуға болады.

«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС Тапсырыс беруші тұлғасында құрылыс-монтаждау жұмыстарына инвестор тарту бойынша қайталау конкурстық рәсімдерді жариялайды. Конкурстың мақсаты – үлескерлер мен донор объектілерінің проблемалық объектілерін аяқтау. Конкурсты өткізу шарттары бар конкурстық құжаттаманы 2023 жылғы 10 ақпанға дейінгі мерзімде Астана қаласы, Әзірбайжан Мамбетов көшесі, 24, 805-офис мекенжайы бойынша қолма-қол алуға болады.

№15 (4448) 07/02/2023 Сейсенбі

Ол Ақмола облысының Қорғалжын ауданы Өркендеу ауылында туған. Домбыраға қызығушылығы ерте оянып, өнерге жақын болып өседі. Қорғалжын – қазақ даласындағы ән қонған мекен, ақын Құлтума, қазақтың белгілі композиторы Кенжебек Күмісбеков, Мәриям Жагорқызы, күміс көмей әнші Рабиға Есімжанова – осы өңірдің тумалары. Әнші өскен ауылда екінші бірі домбырада еркін ойнайтын. Оның бала кезінен домбырамен дос болуына осы себепкер болыпты.

Данияр Мұқан орта мектеп бітірген соң, 1995 жылы Ақмола музыкалық училищесіне түсіп, «домбырамен ән салу» бөлімінде Ербол Сариннен сабақ алады. Үш жылдан соң Қазақ ұлттық музыка академиясына ауысады. Осы оқу орны кейіннен Қазақ ұлттық өнер университеті болып қайта аталды. Білімін сондағы «Домбыра» бөлімінде жалғастырып, күйші Абылғазы Ахмадиевтің шәкірті болды.

Дәстүрлі әншінің бойында тұнып тұрған таланттың толықтыратын өнері ауыз толтырып айтарлықтай: бірнеше музыкалық аспапта ойнай алады, әншілер арасында оркестр құрамында аспапта ойнаған жалғыз әнші болды. 2005 жылы астаналық филармонияға алғаш келген кезінде дәстүрлі әнші орны жоқ болатын. Десе де, оркестр құрамында жетіспеген аспаптарда еркін ойнап, бір айдың ішінде жетігенді толық меңгеріп алған.

Көп ұзамай, жетігенші табылып, Данияр Мұқан өз еркімен филармониядан кетуге шешім қабылдады. Бірақ екі жыл өткен соң, тағдырдың айдауымен, екіншіден, «Ақжауын» ансамблінің дирижері Қарасай Сайжановтың кеңесімен өнерге қайта жақындай түседі. Ансамбльде бас домбырашы болып өнер көрсетіп жүрген жылдың күзінде филармонияда дәстүрлі әншілерді қабылдау

Көрнекті композитор, музыка зерттеушісі, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақановтың қырғыз классигі Шыңғыс Айтматовтың шығармалары әсерімен жазылған бірнеше әні бары белгілі. Соның бірі – «Даниярдың әні». Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Халық әні» бөлімінің әншісі Данияр Мұқанды тыңдағанда, осы ән еріксіз еске түседі. Астаналық әнші киелі қара домбыраның сүйемелдеуімен дәстүрлі әндерді майын тамыза орындайды.



ДАНИЯРДЫҢ ӘНІ

үшін конкурс жүріп жатады. Конкурсқа қатысып, концерттік бөлімде дәстүрлі әнді орындаушы қызметіне орналасады. Дәл осы жылы Алматы филармониясында 20 жыл жұмыс істеген Сәкен Сыздықовпен ақылдасып, «Халық әні» бөлімін ашқан.

– Кейде шабыт келгенде өлең шығарып тұрамын. Осындай өлеңдерім жазылған қойындөптерімді досымның тауып алып, оқып қойғаны бар. Содан бері жазғандарымды өртеп тастайтын болдым. Ал кей кезде айтыскер ақындармен отырған сәтте домбырамен «әу» деп жіберетінім бар, – деп естеліктерімен бөлісті әнші.

Дәстүрлі әнші студент шағынан халықаралық конкурстардың лауреаты атанған. 2008 жылы «Шабыт» фестивалінде бас жүлдені қанжығалап, Әміре Қашаубаев

атындағы байқауда, Уфадағы дәстүрлі және эстрада әншілері арасында өткен фестивальде жүлделі орындарға ие болған. Ал 2011 жылы Қытайда, Түркияда өткен өнер фестивальдерінде, 2012-2013 жылдары Францияның Париж қаласында өнер көрсеткен.

Дәстүрлі әншілікпен қатар Қазақ ұлттық өнер университетінде ұстаздық етіп жүрген Данияр Мұқан «Мен шәкірт тәрбиеледім деп айта алмаймын. Әлі күнге дейін өзім шәкірт болуға тырысып келемін, сабақ алатын ұстаздарым да көп. Кез келген әншінің өзінің кемелденуі сағы болады. Кемелдену – өнерді толық түсіну, кейбір әндерді орындау үшін адамның жасы да маңызды болады. Осыған жету үшін шәкірт ретінде талай ұстаздан әлі де үйренерім көп» дейді.

– Ұлттық болмысымызды дәріптеу үшін жаңашылдықтарды енгізу керек. Мысалы, Ақан Серінің жарыққа шықпай қалған әндерін халық алдында орындау, күрескер ақын, халық композиторы Иманжүсіп Құтпанұлының әндеріндегі жоғалған ноталарын қалпына келтіру арқылы қазақтың дәстүрлі әндерін көбейте аламыз. Бұған дейін Біржан сал мен

Ақан серіге ұстаздық еткен Құлтума ақынның 16 әнінің толық нотасы жаңарып, тыңдарманға жол тартты. Олар Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» музыкалық-этнографиялық жинағынан алынған. Десе де, әлі де зерттеуді қажет ететін, құпиясы ашыла қоймаған әндер көп, – дейді әнші.

Алдағы уақытта осыларды зерттеймін деген жоспары бар екенін де әңгіме барысында айтып өтті. Сонымен қатар, «Дудар-ай» әнінің авторы Үлебай Өнетұлының суретін анасынан алып, сақтап жүргенін сөзге тиек етті. Ақынның төрт өлеңі Қайрат Байбосыновтың «Сыр сандық» атты кітабына ноталарымен енген екен. Олар – «Әзиза», «Нұржәмила», «Сайтанұры», «Дудар-ай».

Өзі қайда жүрсе де, домбырасын жанынан тастамайтын ұлттық өнерді дәріптеуші Данияр Мұқан Қалтай Мұхамеджановтың «Өнердің досы – құштарлық, жауы – іштарлық» деген сөзін өмірлік ұстаным етіп алған.

Әнді орындау кезінде әр әншінің өз құпиясы болады, яғни дауысты реттеу технологияларын өзінше меңгеру. Бұл тума талантты әншілер мен биікке еңбекпен жеткен әншілер арасында айырмашылықты көрсетеді екен. Дауыспен жұмыс істеуді жетік меңгерген әншілер бір уақытта 30-40 әнді еркін орындай алады. Ал тума таланты болып, дауыс технологияларының арнайы жаттығуымен шұғылданбағандардың өнердегі жұлдызы жанауы екі талай.

Данияр Мұқан 2021 жылы Домбырашылар одағына мүше болып, 2022 жылы «Мәдениет саласының үздігі» атағымен марапатталды. Алдағы 18 ақпанда филармония сахнасында Ақан серінің кең таралмаған және әлі халыққа жетпеген әндерін, термелерін жарыққа шығару мақсатында концерт ұйымдастырылып, халық алдында өнер саңлақтары өз өнерлерін көрсететін болады. Оған Данияр әнші де қатысады.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
4-курс студенті

ТАНЫМАЛ ТУЫНДЫ ЖЕЛІСІМЕН

Ақпан айының ортасында Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтің шығармасы желісімен «Гауһартас» музыкалық драмасының премьерасын ұсынады.

Дулат Исабеков 1967 жылы Мәскеудің түбінде әскерге жүргенде радиодан Бибігүл Төлегенованың орындауында халық әні «Гауһартас» естіп, елге деген сағыныштан осы шығарманы жазды. Повесть осыдан тура 55 жыл бұрын жарық көрді. Ал 1975 жылы кинорежиссер Шәріп Бейсенбаев көркем фильм түсірді. Бұл киномунында Каукен Кенжетәев, Әмина



Өмірзақова, Бәйтен Омаров, Кененбай Қожабеков, Досхан Жолжақсынов, түйық Тастан бейнесінде Әнуар Боранбаев сынды белгілі әртістер кейіпкерлерді сомдады. Фильмдегі әндерді әнші Сәжида Ахметова орындады. Салтанат келіннің бейнесі Жанна Қуанышеваның жұлдызын жандырды. Қазақ кино өнерінің алтын қорына енген аталмыш фильм, міне, елу жылға жуық уақыт жүректерді тербеп келеді.

Ал премьерасы өткелі жатқан музыкалық драманың қоюшы режиссері, сахналық нұсқаның авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров. Кейіпкерлерді актерлердің бірнеше құрамы сомдайды. Соның ішінде Қайыркен бейнесін белгілі актер, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Асылхан Төлепов ойнайды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

БАҚБЕРГЕНОВА БЕТ ҚАРАТПАДЫ

Алматы қаласындағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында әйелдер күресінен VI жазғы Спартакиада аяқталды. Айтулы бәсекеде 72 келі салмақта белдескен елордалық балуан Жамила Бақбергенова бірінші орын алды.

Ол финалда Батыс Қазақстан облысынан келген Анастасия Панасовичті айқып басымдылықпен ұтты. Үшінші орыннан Ақмола облысының намысын қорғаған Александра Зайцева мен Қарағанды облысының балуаны Ақмарал Асанқызы көрінді.

Айта кететіні, Жамила

Бақбергенова 2020 жылы Үндістанның астанасы Нью-Делиде өткен Азия чемпионатында қарсылас шақ келтірмей, бірінші орын алды. 2021 жылы Норвегияның Осло қаласында, 2022 жылы Сербияның Белград қаласында өткен әлем чемпионатында күміс медаль бұйырды.



10-12 АҚПАНДА АСТАНАДАҒЫ «QAZAQSTAN» ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАЛЫҚ СПОРТ КЕШЕНІНДЕ ЖАБЫҚ АЛАҢ ІШІНДЕ ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН 10-ЫНШЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ. АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАҒА 30-ДАН АСА ЕЛДЕН 500-ДЕН АСТАМ СПОРТШЫ ҚАТЫСАДЫ.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №15

Баспаханасы: Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 8-5-кеңсе
«КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ